рреспондент:	Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по Кызылординской области forward_to_inbox
Исх. номер и дата:	02-05-157 от 17.02.2025 00:00
Краткое содержание:	«Жалағаш қызмет» ШЖҚ МКК құру туралы өтінішхатқа жауап
Исполнитель:	
Ермаганбетов Г.Ж.	
Является ответным на:	Исходящий документ(Исходящий 06-3/ 397 от 03.02.2025)
Имеет ссылку с:	
Связанные документы:	
К документу:	

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52
телефон: 23-74-35 факс: 8 (7242) 23-74-35

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ АГЕНТСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, проспект Абая, 52
телефон: 23-74-35 факс: 8 (7242) 23-74-35

_____№_____

Жалағаш ауданы
әкімінің орынбасары
А.Нұрмағанбетовке

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің *(әрі қарай - Агенттік)* Қызылорда облысы бойынша департаментімен *(әрі қарай - Депфртамент)*, Сіздің 2025 жылғы 3 ақпандағы № 06-3/397 Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жалағаш қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын *(әрі қарай - Кәсіпорын)* **«қауіпсіз қалдықтарды жинау»** *(ЭҚЖЖ - 38.11.0)*, **«жинастыру бойынша өзге қызмет»**, ***оның ішінде:*** **«көше сыпыру, қар мен мұзды жинастыру»** *(ЭҚЖЖ - 81.29.0)*, **«аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет»**, ***оның ішінде:*** **«жасыл аймақтарды егу, күтім жасау және қызмет көрсету»** *(ЭҚЖЖ - 81.30.0)* қызмет түрлерін көрсету бойынша құруға келісім беру туралы өтінішхатыңыз қаралып, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің *(әрі қарай - Кодекс)* 192-бабына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 103 бұйрығымен бекітілген *(ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 19.07.2023 № 10 бұйрығымен өзгерістер енгізілген)* мемлекеттік кәсіпорындар және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар құрылатын және (немесе) олар қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын тауар нарықтарына зерттеп-қарау жүргізу жөніндегі әдістемеге сәйкес, жоғарыда аталған тауар нарықтарына талдау жүргізілді.

Осыған сәйкес, Департамент Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 24-91-38.35 тапсырмасы, 2025 жылғы 16 қаңтардағы Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасарының хаттамалық тапсырмасы аясында, Кодекстің 192-бабына және Департаменттің 2025 жылғы 14 ақпандағы талдау Қорытындысына сәйкес Кәсіпорынды **«қауіпсіз қалдықтарды жинау»** *(ЭҚЖЖ-38.11.0)*, **«жинастыру бойынша өзге де қызмет**, ***оның ішінде:*** **көше сыпыру, қар мен мұзды жинастыру»** *(ЭҚЖЖ-81.29.0)*; **«аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет**, ***оның ішінде:*** **жасыл аймақтарды егу, күтім жасау және қызмет көрсету»** *(ЭҚЖЖ-81.30.0)* қызмет түрлерін Жалағаш ауданы географиялық шекарасында тек **2029 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге** дейін көрсету шартымен құруға келісім береді.

Осы ретте, Кәсіпорын құру кезінде Құрылтайшысы «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы № 542 Жарлығының 2-тармағының 1)тармақшасын іске асыру мақсатындағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 21 тамыздағы № 678 «Квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізу туралы» қаулысын ескеруі қажет.

Бұдан басқа, Кодекстің 192-бабы талабына сәйкес, Кәсіпорын Тізбеге аумақтарды абаттандыру бойынша қызметті көрсету бойынша енгізілген жағдайда ғана, «аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет», оның ішінде «жасыл аймақтарды егу, күтім жасау және қызмет көрсету» *(ЭҚЖЖ 81.30.0)* қызметін жүзеге асыруды бастау қажет.

Сонымен қатар, Департамент Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 85-бабының 4-тармағына сәйкес, кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде өтініштері болған кезде келісілген қызмет түрлерін кері қайтарып алу құқығын өзіне қалдырады.

Сондай-ақ, Кәсіпорын Жарғысы әділет органында тіркелгеннен кейін, Жарғының көшірмесін Департаментке жіберу қажет екенідігін назарыңызға жеткіземіз.

Департамент басшысы **Д.Токжанов**

Ербол Габит Ерболұлы 18.07.2025 09:41

орынд. Г.Ермаганбетов
тел. 8 (7242) 23-53-72